«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БӨРЛІ АУДАНЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ «АҚСАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ № 6 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 53
2026ж. 17. 03

Ақсай қаласының № 6 МЛ директоры
К.М. Султановаға
Оқу ісі жөніндегі орынбасары
А.Ж. Шаудировадан

Қызметтік хат

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ-ның 2026 жылғы 13 қаңтардағы №15-5-08-30/22 хатына сәйкес Ақсай қаласының №6 мектеп-лицейі IEA халықаралық ұйымының PIRLS-2026 (Progress in International Reading Literacy Study) зерттеуіне қатысу үшін іріктелді.

Аталған халықаралық зерттеу 2026 жылдың сәуір–мамыр айларында өткізіледі және оған мектептің 4 «ә» және «д» сыныптарымен қоса алғанда жалпы саны-53 оқушы қатысады. PIRLS зерттеуі 4-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған.

PIRLS-2026 зерттеуінің ерекшелігі — алғаш рет жасанды интеллект (AI) және цифрландырудың білім беру үдерісіне әсеріне баса назар аударылуы. Зерттеу барысында оқушылар мәтіндерді оқумен қатар, веб-сайттардың имитациясымен жұмыс істейді, гиперсілтемелерді пайдаланады және мультимедиялық ақпараттарды (графиктер, диаграммалар) талдайды.

Қызметтердің міндеттері:

1. Оқушылардың ағымдағы білім деңгейін анықтау және бағалау;
2. Білімді меңгеру дәрежесін талдау;
3. Оқушы, мектеп, аудан және облыс бөлінісінде тестілеу нәтижелері бойынша есептілікті ұсыну.

Тілі: қазақ, орыс.

Қызмет көрсету мерзімі: 2 ай.

Осыған байланысты білім алушыларды зерттеу талаптарына сәйкес дайындау, цифрлық форматтағы тапсырмалармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ халықаралық зерттеу талаптарына сай сапалы дайындық жүргізу мақсатында жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, PIRLS-2026 халықаралық зерттеуіне сапалы дайындықты қамтамасыз ету үшін ЖШС «EDUKEY» компаниясымен келісімшарт жасау орынды деп санаймыз.

17.03.2026 ж.

Колы_____